

Алматы қаласында шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

Күшін жойған

VII сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXXII сессиясының 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 212 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2023 жылғы 19 қаңтарда № 1708 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2023 жылғы 15 қыркүйектегі № 50 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 15.09.2023 № 50 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен..

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 21.02.2024 № 90 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-10 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы № 787 қаулысымен бекітілген Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларына сәйкес, Алматы қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Алматы қаласында туристерді орналастыру орындарында шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелері болу құнының 5 (бес) пайызы мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының төрағасы

С. Канкуров